



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ  
КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ

**ЕРЕЖЕ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ

1-нұсқа:  
27.03.2024


**ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1-бет

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер	2
2	Докторантурадағы ғылыми басшылық	4
3	Ғылыми кеңесшілерді тағайындау және ауыстыру	6
4	Ғылыми кеңесшілердің міндеттері мен құқықтары	7
5	Қорытынды ережелер	9



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет


## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы докторанттардың ғылыми кеңесшілері туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі- Университет) докторанттардың ғылыми кеңесшілерінің біліктілік талаптарын, тағайындау және ауыстыру рәсімдерін, құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

1.2 Ереже мынадай нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленді:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV "Ғылым туралы" Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексіне;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының ережесіне;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ережесіне;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелер беру қағидаларына.

1.3 Ереже докторанттар мен олардың ғылыми кеңесшілерінің докторлық диссертацияларды орындауы үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында әзірленді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет

1.5 Құжатта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Термин	Анықтама
<i>докторантура</i>	жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (ЖЖОББҰ) жоғары білікті ғылыми және ғылыми - педагогикалық кадрларды жоғары оқу орнынан кейінгі даярлау деңгейлерінің бірі
<i>докторант</i>	докторантурада оқитын адам
<i>(PhD) философия докторы</i>	ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында (ҚР) немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже
<i>профиль бойынша доктор (өнер докторы, білім докторы)</i>	өнер және педагогика саласындағы кәсіби қызмет саласындағы докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында (ҚР) немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәреже
<i>ғылыми кеңесші</i>	докторантты даярлау бейініне сәйкес келетін ғылым докторы/ ғылым кандидаты/ PhD докторы ғылыми дәрежесі бар, сондай-ақ ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын докторантты зерттеу саласында ғылыми жарияланымдары бар докторанттың ғылыми зерттеулер саласындағы маман
<i>қазақстандық (отандық) ғылыми кеңесші</i>	жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының немесе Қазақстан Республикасының ғылыми - зерттеу ұйымдарының өкілі болып табылатын ғылыми консультант
<i>шетелдік ғылыми кеңесші</i>	ынтымақтастық туралы шарттар (меморандумдар) шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының немесе ТМД елдері мен алыс шет елдердің ғылыми - зерттеу ұйымдарының өкілі болып табылатын ғылыми консультант
<i>докторанттың жеке жұмыс жоспары</i>	оқытудың барлық кезеңіне арналған пәндер мен игерілетін кредиттер санын көрсете отырып, сондай-ақ докторлық диссертацияның тақырыбын, зерттеу бағыты мен жоспарларын, практикадан, ғылыми тағылымдамадан өтуді, орындау мерзімдері мен есептілік нысанын көрсете отырып, білім алушының оқыту траекториясы

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет

диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal)	Зерттеудің мақсаты, міндеттері мен әдіснамасын, оның өзектілігін, ғылыми жаңалығын, теориялық және практикалық маңыздылығын, сондай-ақ әдебиеттерге шолу мен білім алушының күтілетін зерттеу нәтижелерін қамтитын құжат
------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## 2 ДОКТОРАНТУРАДАҒЫ ҒЫЛЫМИ БАСШЫЛЫҚ

2.1 Білім алушының докторантураның білім беру бағдарламасының (БББ) ғылыми компонентін орындауы докторанттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми кеңесшілердің басшылығымен жүзеге асырылады.

2.2 (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін докторанттарға ғылыми басшылыққа кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер тағайындалады, олардың бірі-шетелдік ғалым.


Докторанттарға бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ғылыми басшылыққа кемінде 2 адамнан тұратын кеңесшілер тағайындалады, олардың бірі-тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманы.

2.3 Ғылыми кеңесшілер ғылыми дәрежесі – ғылым докторы, ғылым кандидаты, дәрежесі- PhD философия докторы, бейіні бойынша доктор, ғылыми атақтары – ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл болатын, сондай-ақ ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген басылымдарда соңғы 10 жылдағы 5 ғылыми мақаланың және халықаралық ғылыми мақаланың 1 авторы болып табылатын, сұрау салынатын бағыттың бейініне сәйкес келетін профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index expanded базаларының бірінде индекстелген рецензияланатын ғылыми журнал, Web of Science Core Collection-дағы Social Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index немесе Scopus дерекқорында citesscore бойынша кемінде 35 процентиль көрсеткіші бар оқытушылар болуы мүмкін.

2.4 Докторанттардың шетелдік ғылыми кеңесшілері ынтымақтастық туралы шарттар (меморандумдар) шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының немесе ТМД елдері мен алыс шетелдердің ғылыми - зерттеу ұйымдарының — Университет әріптестерінің жетекші ғалымдарын тағайындайды.

2.5 Докторанттың шетелдік ғылыми кеңесшісі ретінде тағайындалатын тұлғаның:

- диссертациялық зерттеу бейініне сәйкес мамандығы бойынша PhD докторы/ғылым докторы/ғылым кандидаты дәрежесі және ғылыми жетекшілік тәжірибесі;

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет

– Web of Science (Thomson Reuters), Scopus халықаралық базаларына кіретін Халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдарды қоса алғанда, докторанттың диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектері болу керек.

2.6 Докторанттың бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға тағайындалған шетелдік ғылыми кеңесші тиісті саланың немесе қызмет саласының жоғары білікті маманы болуы тиіс.

2.7 Қазақстандық ғылыми кеңесші болып осы Ереженің 2.3-тармағының талаптарына сәйкес келетін бітіруші кафедраның оқытушысы тағайындалады.

2.8 Кафедра оқытушысы бір мезгілде білім алушылардың жетіден артық емес ғылыми кеңесші / ғылыми жетекші болып тағайындалуы мүмкін, бұл ретте докторантура білім алушыларының саны үштен аспауы тиіс.

2.9 Ғылыми кеңесшілер докторантура білім алушысына болашақ диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауда, зерттеудің өзектілігі, жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан ғылыми негіздеме жазуда көмек көрсетеді.

2.10 Ғылыми кеңесшілер докторлық диссертацияның сапалы орындалуын және академиялық адалдық қағидаттарының, ресімдеу қағидаларының сақталуын, диссертация жазудың барлық кезеңдерінде құзыретті рецензиялауды және диссертациялық жұмысты қорғауға уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

2.11 Қазақстандық ғылыми кеңесші, диссертациялық жұмыстың тақырыбы және докторанттың диссертациялық зерттеуінің ғылыми негіздемесі оқытудың бірінші семестрі ішінде (докторанттарды қабылдағаннан кейін төртінші айдан кешіктірмей) Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.


2.12 Шетелдік ғылыми кеңесшіні тағайындау Университет ректорының бұйрығымен ғылыми кеңестің шешімі негізінде оқытудың екінші семестрі ішінде (докторанттарды қабылдағаннан кейін тоғыз айдан кешіктірілмей) жүзеге асырылады.

2.13 PhD докторантурада бір шетелдік ғылыми жетекшіге бір мезгілде 2 докторанттан артық бекітілмейді.

2.14 Шетелдік ғылыми кеңесшілер, әдетте, оқытудың төртінші және/немесе бесінші семестрінде (бітіруші кафедраның келісімі бойынша) ғылыми тағылымдамаларға, зерттеу практикаларына, сондай-ақ докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша ғылыми басшылықты жүзеге асырады.

2.15 Ғылыми кеңесшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті күнтізбелік жылға бекітілген тарифтеуге сәйкес жүргізіледі.

2.16 Докторанттардың ғылыми тағылымдамасы шетелдік ғылыми кеңесшінің жұмыс орны бойынша алыс немесе жақын шетелдің білім беру ұйымында немесе ғылыми-зерттеу мекемесінде өткізіледі және білім алушының

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет

ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысының дайындық бағыты мен тақырыбына сәйкес келуі тиіс.

2.17 Ғылыми тағылымдама бағдарламасы білім алушының ғылыми-зерттеу / эксперименттік-зерттеу жұмысының жеке жоспарына және дайындық бағытына сәйкес өзінің ғылыми кеңесшілерімен бірлесіп әзірленеді.

2.18 Ғылыми кеңесшілерді докторанттың қорғалатын қорытынды жұмысы бойынша Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері тағайындауға болмайды.

2.19 Егер ғылыми кеңесші Диссертациялық еңестің тұрақты мүшесі болса, ол білім алушыға дәреже беру туралы шешім қабылдаған кезде дауыс беруге қатыспайды.

### **3 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРДІ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ**

3.1 Докторанттар бітіруші кафедраның көмегімен БББ-на қабылданғаннан кейін екі ай ішінде кейіннен бекіту үшін ғылыми кеңесшілердің кандидатураларын айқындайды.

3.2 Болжамды ғылыми кеңесшілердің кандидатуралары бітіруші кафедралардың отырыстарында алдын ала талқылаудан өтуі тиіс.

3.3 Университеттің Ғылыми кеңесінде қазақстандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерді бекіту үшін бітіруші кафедралар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөліміне әрбір білім алушыға келесі құжаттарды ұсынады:


- ғылыми кеңесшілердің докторанттың ұсынысы туралы кафедра отырысының хаттамасынан үзінді;
- ғылыми кеңесшілердің негізгі академиялық және ғылыми жетістіктерін, ғылыми еңбектер тізбесін және толық байланыс деректерін қамтитын түйіндемесі;
- шетелдік ғылыми кеңесшіден докторантпен жұмысты жүзеге асыруға келісім-хат (ұйым бланкісінде).

3.4 Ғылыми кеңес ғылыми кеңесшілердің кандидатураларын қарастырады және оларды тағайындау туралы шешім қабылдайды:

- докторанттарды қабылдағаннан кейін төрт ай ішінде қазақстандық ғылыми кеңесшілер;
- докторанттарды қабылдағаннан кейін тоғыз ай ішінде шетелдік ғылыми кеңесшілер.

3.5 Шетелдік ғылыми кеңесшімен үш жақты шартқа (Университет, Ғылыми кеңесші, докторант) қол қойылады. Шетелдік ғылыми кеңесші қызмет ететін ұйымның талабы бойынша төрт жақты шарт жасалуы мүмкін (Университет, шетелдік ұйым, ғылыми кеңесші, докторант).

3.6 Шартта ғылыми кеңесшіге қызмет көрсету және еңбекақы төлеу шарттары көрсетіледі.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет

3.7 Бекітілген ғылыми кеңесшіні ауыстыру объективті себептер бойынша - басқа жұмысқа ауысуға байланысты, денсаулық жағдайы бойынша және т. б. кеңесшінің жеке өтініші негізінде кеңесші ғылыми басшылықты жүзеге асыра алмаған жағдайда орындалуы мүмкін.

3.8 Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, бітіруші курста білім алушының ғылыми кеңесшілерін ауыстыруға жол берілмейді.

3.9 Қазақстандық ғылыми кеңесшіні докторантты ауыстыруға бітіруші кафедра меңгерушісі жауапты болады.

Шетелдік ғылыми кеңесшіні ауыстыруға қазақстандық ғылыми кеңесші, докторант және кафедра меңгерушісі жауапты болады.

3.10 Ғылыми кеңесшіні ауыстыру Университет ректорының бұйрығымен бітіруші кафедраның ұсынысы мен негіздемесі бойынша жүзеге асырылады.

3.11 Қазақстандық ғылыми кеңесші тарапынан міндеттемелер дұрыс орындалған жағдайда кеңесші докторанттардың одан әрі ғылыми басшылығынан шеттетілгенге дейін тәртіптік жаза қолданылады.

3.12 Қызмет көрсету туралы шарт шеңберінде өзіне қабылданған міндеттемелерді дұрыс орындамаған жағдайда шетелдік ғылыми консультант бұдан әрі Университетпен ынтымақтастықтан шеттетіледі.

3.13 Егер докторант оқу бітіргеннен кейін қорғауға шыққан сәтте ғылыми кеңесші Университетте жұмыс істемесе, оны Университет ректорымен келісім бойынша басшылыққа тартуға жол беріледі.


3.14 Диссертацияны бітіргеннен кейін үш жыл өткен соң қорғамаған докторантқа диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін қайта бекітуден өткен кезде, егер ол қазіргі уақытта Университетте жұмыс істемесе, ғылыми кеңесші ауыстырылуы мүмкін.

#### **4 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ**

4.1 Қазақстандық ғылыми кеңесшінің міндеттері:

- Университеттің Ғылыми кеңесінде кейіннен бекіту үшін диссертациялық зерттеудің тақырыбы мен жоспарын анықтауда докторантқа көмек көрсету;
- докторантпен бірлесіп докторанттың жеке жұмыс жоспарын (ЖЖЖ) әзірлеу;
- зерттеу жұмысы бойынша жүйелі түрде кеңес беру және ЖЖЖ орындалуын бақылау;
- докторанттың ЖЖЖ-ын орындауы бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру;
- докторантпен бірлесіп зерттеу тәжірибесі бағдарламасын әзірлеп, тәжірибе мен ғылыми тағылымдамадан өту базасын ұсыну;




 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет

- педагогикалық тәжірибеден өту бағдарламасын әзірлеу (педагогикалық тәжірибе жетекшісі тағайындаған жағдайда);
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын орындау бойынша бағалауды жүйелі түрде (оқу жылында кемінде екі рет) жүргізу;
- докторанттың зерттеу жұмысын уақтылы және сапалы орындауын және докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ) бойынша жауаптарды тапсыруын қамтамасыз ету;
- ғылыми журналдарда зерттеу нәтижелерін дайындауға және жариялауға көмек көрсету;
- зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу мақсатында докторанттың халықаралық конференцияларға қатысуына жәрдемдесу;
- әр семестрде докторанттың ЖЖЖ орындалуына ауызша кері байланыс беру;
- бекітілген нысан бойынша докторанттың диссертациялық жұмысына жазбаша пікір беру;
- диссертациялық кеңеске түскенге дейін диссертацияны дайындаудың барлық кезеңдерінде сапалы және уақтылы рецензиялауды қамтамасыз ету;
- докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу;
- Университет ректоры мен басшылығының докторанттың диссертациялық жұмысын дайындауға қатысты тапсырмаларын орындауға жауапкершілікпен қарау;
- әріптестермен және докторантпен қызметтік қарым-қатынаста тұлғааралық қатынастардың этикалық нормалары мен ережелерін сақтау.

#### 4.2 Шетелдік кеңесшінің міндеттері:

- докторанттың диссертациясының бекітілген тақырыбы бойынша электрондық пошта, жеке кездесулер және онлайн консультациялар арқылы кеңес беру және ғылыми басшылықты жүзеге асыру;
- диссертациялық жұмыс жоспары мен ғылыми зерттеу әдістерін сәйкестендіру және ұсыну. Қажет болған жағдайда докторант диссертациясының жоспары мен мазмұнына түзетулер енгізу және ескертулер туралы уақтылы хабарлау;
- Thomson Reuters (Web of Science) ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт факторы бар немесе Scopus дерекқорына кіретін ғылыми журналдарда мақалалар дайындауға және жариялауға жәрдемдесу;
- докторанттың шетелдік ғылыми-зерттеу тағылымдамасына және оның халықаралық конференциялар мен басқа да ғылыми форумдарға қатысуына жәрдемдесу;

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	«Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ	1-нұсқа: 27.03.2024
	<b>ДОКТОРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	9-бет

- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының белгіленген мерзімде орындалу барысын бақылау;
- ғылыми тағылымдамалар аяқталғаннан кейін докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын оның жеке жұмыс жоспарына сәйкес кері қайтарып алуды және бағалауды ұсыну;
- докторанттың диссертациялық жұмысына жазбаша пікір беру;
- мүмкіндігінше докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу.

#### 4.3 Ғылыми кеңесшілер құқылы:

- докторантпен келісім бойынша жеке жұмыс жоспарларына түзетулер енгізу;
- докторанттардың зерттеу тәжірибесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу;
- жүргізіліп жатқан зерттеу саласындағы ғылыми жобаларға докторантты тарту;
- тақырыптары докторанттың зерттеу жұмысымен тікелей байланысты ғылыми семинарларға, отырыстарға, дөңгелек үстелдерге, конференцияларға қатысуды ұсыну;
- ЖЖЖ бойынша орындалатын жұмыстардың барысын талқылау үшін докторантпен жұмыс кездесулерін тағайындау.

## 5 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы ереже бекітілген күннен бастап күшіне енеді және жаңасымен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

5.2 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде Ғылыми кеңес ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады.